

## Өлшем бірлігі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Заңы 1993 жылғы 18 қаңтар N 1894-ХІІ. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2000.06.23. N 56 Заңымен. ~Z000056

Осы Заң метрологияның құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін белгілейді және республикадағы өлшем бірлігі мен талап етілетін өлшем дәлдігін қамтамасыз етуге, азаматтардың, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің мүдделерін өлшем нәтижесі жалғандығының теріс салдарынан қорғауға бағытталды.

## І ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1-бап. Өлшем бірлігі туралы заңдар және Заңның қолданылу аясы

1. Өлшем бірлігі туралы заңдар осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінен тұрады.

2. Республика аумағында орналасқан басқару органдары, жеке адамдар мен заңды ұйымдар арасындағы, сондай-ақ олар мен басқа мемлекеттердің жеке адамдары мен заңды ұйымдары арасындағы өлшем бірлігі саласындағы құқықтық қатынастар:

өлшем бірлігін жасау, дайындау, өткізу, пайдалану және қызмет көрсету кезінде;

жеке ауқым бірліктерінің мөлшерін мемлекеттік (ұлттық) эталоннан өлшемнің үлгі және жұмыс құралдарына беру кезінде реттеледі.

3. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

### 2-бап. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету мақсаттары

Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің негізгі мақсаттары: өндіріс тиімділігін, өнімдердің, процестер мен қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру;

ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарының, эксперименттер мен сынықтардың тиімділігін арттыру; өнімдердің үйлесімдігі мен өзара алмастырылуын қамтамасыз ету;

материалдық игіліктер мен энергия ресурстарының сенімді есебін қамтамасыз е т у ;

арудың алдын алу, диагноз қою және емдеу, адамдардың еңбек және тұрмыс жағдайларының қауіпсіздігін бақылау, айналадағы ортаны қорғау, табиғат ресурстарын бағалау және ұтымды пайдалану жөніндегі шаралардың тиімділігін а р т т ы р у .

3-бап. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасы аумағында өлшем бірлігін қамтамасыз етуді стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган мен оның аумақтық органдары жүзеге асырады.

2. Басқару органдары, заңды ұйымдар мен жеке адамдар өлшем бірлігі мен талап етілетін дәлдікті қамтамасыз етеді және осы мақсатпен ведомстволық метрологиялық қызметтер құруға құқылы.

## II ТАРАУ. ӨЛШЕМ БІРЛІГІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖҮЙЕСІ

4-бап. Өлшем бірлігінің мемлекеттік жүйесі

Өлшем бірлігінің мемлекеттік жүйесі өлшем бірлігі мен талап етілетін дәлдікті бағалау және қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру мен оны өткізу тәртібін реттейтін бірыңғай ережелерді, қағидалар мен нормаларды белгілейді.

5-бап. Өлшем бірлігі мемлекеттік жүйесінің объектілері

Өлшем бірлігі мемлекеттік жүйесінің объектілері мыналар:  
жеке ауқым бірліктері;  
мемлекеттік эталондар;  
өлшем құралдары;  
өлшем құралдарына, әдістері мен нәтижелеріне қойылатын талаптар;  
өлшемді орындаудың әдістемелері;  
өлшем құралдарының түрлерін мемлекеттік сынау және бекіту, салыстыру және метрологиялық аттестаттау.

6-бап. Жеке ауқым бірліктері

Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға Халықаралық бірлік жүйесінің жеке ауқым бірліктеріне, стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган рұқсат еткен басқа да бірліктерге, сондай-ақ өнімді экспорттау мен импорттау кезінде контракт шарттарымен көзделген жеке ауқым бірліктеріне жол беріледі.

#### 7-бап. Мемлекеттік эталондар

1. Жеке ауқым бірліктері ұдайы қалпына келтіріліп, жеке ауқым бірліктері мемлекеттік (ұлттық) эталондарының көмегімен сақталады.

2. Мемлекеттік (ұлттық) эталондарды сақтауды, жеке ауқым бірліктерінің мөлшерін ұдайы қалпына келтіруді және мемлекеттік эталондардан өлшемнің үлгі және жұмыс құралдарына беруді, эталондық базаны дамыту мен жетілдіруді, сондай-ақ эталондарды жеке ауқым бірліктерінің халықаралық эталондарымен салыстыруды стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган қамтамасыз етеді.

#### 8-бап. Өлшем құралдары

1. Жеке ауқымдарды, олардың арақатынасын немесе міндетті қызметін айқындауға арналған өлшем құралдары нақты қолдану жағдайында өлшемнің қажетті дәлдігін қамтамасыз етуге, оларға нормативті-техникалық қажетті дәлдігін қамтамасыз етуге, оларға нормативті-техникалық және пайдалану құжаттамаларында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

2. Өлшем құралдары олардың қолдануға жарамдылығын белгілеу

мақсатында міндетті түрде мемлекеттік немесе ведомстволық салыстырылуға тиіс.

Саудада, денсаулық сақтауда, ғылымда, өнеркәсіпте, құрылыста, көлікте, ауыл шаруашылығында, гидрометеорологияда, байланыста, коммуналдық шаруашылықта және спортта қолданылатын өлшем құралдары:

сауда-коммерциялық, кедендік, почта және салық операцияларын жүргізу кезінде;

материалдық игіліктер мен энергия ресурстарын есептеу кезінде;

адамның ауруына диагноз қою және емдеу кезінде;

дәрі-дәрмектерді бақылау кезінде;

ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде;

айналадағы ортаның ахуалын бақылау кезінде;

улы, тез жанатын, жарылғыш және радиоактивтік заттарды сақтау, тасымалдау және жою кезінде;  
көліктегі еңбек жағдайы мен қозғалыс қауіпсіздігін бақылау кезінде;  
сертификатталатын өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын айқындау кезінде;  
өлшем құралдарына мемлекеттік сынақ, тексеру және метрологиялық аттестаттау жүргізу кезінде;  
пайдалы қазбалар өндіру кезінде;  
ұлттық және халықаралық спорттық рекордтарды тіркеу кезінде мемлекеттік салыстыруға жатады.

Жоғарыдағы абзацта айтылған өлшем құралдарының тізбесі мен оларды салыстыру кезеңін, оны жүргізу тәртібін стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган айқындайды.

3. Заңның осы бабының 2-бөлігінің күші жүрмейтін өлшем құралдары ведомстволық салыстыруға жатады.

Жекелеген реттерде, стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік органның келісімімен міндетті мемлекеттік салыстыруға жататын өлшем құралдарын ведомстволық салыстыруға жол беріледі.

4. Салыстырудың оң нәтижелері мемлекеттік немесе ведомстволық салыстыру таңбасының көшірмесін өлшем құралдарына және (немесе) пайдалану құжаттамасына басумен және (немесе) салыстыру туралы сертификатпен к у ә л а н д ы р а д ы .

5. Нормаланған дәлдіктегі жеке ауқым бірліктерінің мәнін бағалаусыз жеке ауқымдағы өзгерістерді қадағалау үшін қолданылатын өлшем құралдары с а л ы с т ы р ы л у ғ а ж а т п а й д ы .

Мұндай өлшем құралдарының дұрыстығын бақылауды оларды пайдаланушылар жүзеге асырады.

9-бап. Өлшем құралдарын дайындау, салыстыру, жөндеу, с а т у ж әне п р о к а т қ а б е р у

Өлшем құралдарын дайындау, салыстыру, жөндеу, сату және прокатқа беру, сондай-ақ заттар мен материалдар құрамының стандарттық үлгілерін өндіру және ерекшеліктерін метрологиялық аттестаттау стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган беретін тиісті рұқсаты болған жағдайда ғ а н а о р ы н д а л у ғ а т и і с .

## 10-бап. Өлшем құралдарының түрлерін мемлекеттік сынау және бекіту

1. Өндіруге немесе шетелден әкелуге жататын өлшем құралдары кейіннен түрі немесе мемлекеттік аттестатталуы бекітілетін мемлекеттік сынақтан өткізілуге тиіс.

2. Өлшем құралдарын мемлекеттік сынақтан өткізуді, түрін бекіту мен мемлекеттік тізімге енгізуді стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган жүзеге асырады.

3. Өлшем құралдарының бекітілген түріне немесе оларды пайдалану құжаттамасына дайындаушы мемлекеттік тізім белгісін қоюға міндетті.

4. Жасалған халықаралық шарттарға сәйкес өлшем құралдарына

шетелде жүргізілген мемлекеттік сынау, салыстыру, метрологиялық аттестаттау нәтижелері танылады.

11-бап. Өлшемді орындау әдістемелеріне қойылатын талаптар

Осы Заңның 8-бабында аталған салаларда қолданылатын өлшемді орындау әдістемелері міндетті метрологиялық аттестаттауға жатады. Өлшемді орындау әдістемелеріне метрологиялық аттестаттау жүргізу тәртібін стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган белгілейді.

## III ТАРАУ. СТАНДАРТТАУ, МЕТРОЛОГИЯ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАННЫҢ МЕТРОЛОГИЯЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ МЕН ВЕДОМСТВОЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ

12-бап. Мемлекеттік метрологиялық қадағалау

1. Мемлекеттік метрологиялық қадағалау өлшем бірлігі мәселелері жөніндегі заңдар мен өзге де нормативтік актілердің сақталуын тексеру мақсатында стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік органның инспекторлары жүзеге асыратын техникалық және заң қызметі болып табылады.

2. Мемлекеттік метрологиялық қадағалаудың түрлері:  
өлшем құралдарын мемлекеттік сынау және оның түрін бекіту;  
өлшем құралдарын мемлекеттік метрологиялық аттестаттау;  
өлшем құралдарын мемлекеттік салыстыру;  
өлшем құралдарын дайындау, салыстыру, жөндеу, сату және прокатқа беру

жөніндегі қызметке лицензиялар беру;  
сату және өлшем-орау кезінде кез келген түрдегі бумаға бөлшектеп өлшеп  
салынған товарлар санын мемлекеттік қадағалау;  
өлшем құралдарының айналымға шығарылуын, жай-күйі мен қолданылуын,  
өлшемді орындау әдістемелерін, метрологиялық ережелер мен нормалардың  
сақталуын мемлекеттік қадағалау.

3. Мемлекеттік метрологиялық қадағалауға осы Заңның 8-бабында аталған  
салада қолданылатын өлшем құралдары мен нәтижелері, сондай-ақ  
ведомстволық метрологиялық қызметтің жұмысы жатады.

13-бап. Стандарттау, метрология және сертификаттау  
жөніндегі мемлекеттік органның өлшем бірлігін  
қамтамасыз ету саласындағы құқықтары

1. Метрологиялық ережелер мен нормаларды бұзғаны, жарамсыз өлшем  
құралдарын қолданғаны үшін стандарттау, метрология және сертификаттау  
жөніндегі мемлекеттік орган заңды ұйымдар мен жеке адамдарға мынадай  
ш а р а л а р қ о л д а н у ғ а :

тәртіптің бұзылуын жою жөнінде орындалуы міндетті ұйғарым шығаруға,  
қолдануға жарамсыз өлшем құралдары мен стандартты үлгілерді пайдаланудан  
а л ы п т а с т а у ғ а ;

мемлекеттік сынақтан өтпеген өлшем құралдарын қолдануға және бекітілген  
түрге сай келмейтін өлшем құралдарының түрін бекітуге, салыстыруға немесе  
метрологиялық аттестаттауға тыйым салуға;

егер өлшем құралдары жұмысқа қабілетсіз болса, белгіленген мерзімде  
салыстырылмаса немесе көрсету ақауы рұқсат етілген нормадан асып кетсе  
таңбаны өшіруге және салыстыру туралы сертификатты жоюға;

өлшем құралдары мен стандартты үлгілерді өткізуге тыйым салуға, оларды  
ө н д і р у д і т о қ т а т а т ұ р у ғ а ;

өлшем құралдары мен стандартты үлгілерді дайындау, салыстыру, жөндеу,  
сату, прокатқа беру құқығының лицензиясынан айыруға;

өлшем бірлігі туралы заңдарды бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық туралы  
х а т т а м а л а р т ұ з у ғ е ;

экономикалық жазалар қолдану туралы ұйғарым шығаруға құқылы.

2. Осы баптың 1-бөлігінде аталған шараларды қолдану тәртібі Қазақстан  
Республикасының заңдарымен белгіленеді.

14-бап. Ведомстволық метрологиялық бақылау

Ведомстволық метрологиялық бақылауды ведомстволық метрологиялық  
қ ы з м е т т е р :

кәсіпорындардағы, ұйымдар мен мекемелердегі барлық құрылымдық бөлімшелердің өлшем бірлігі мәселелері жөніндегі заңдар мен өзге де нормативтік актілерді сақтауын тексеріп, өлшем құралдарының жай-күйі мен қолданылуы қанағаттанғысыз болған, метрологиялық ережелер сақталмаған жағдайда міндетті ұйғарым

шығару;

өлшем құралдарының салыстыру мен мемлекеттік сынаққа дер кезінде әкелінуін тексеру;

өлшем құралдарын ведомстволық салыстыру;

стандартталмаған өлшем құралдары мен сынақтарды метрологиялық аттестаттау;

бақылау-өлшем жабдықтарын тексеру арқылы жүзеге асырады.

#### IV ТАРАУ. ӨЛШЕМ БІРЛІГІ ТУРАЛЫ ЗАҢДАРДЫ БҰЗҒАНДЫҚ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

15-бап. Өлшем бірлігі туралы заңдарды бұзғандық үшін жауаптылық  
Заңды ұйымдар мен жеке адамдар өлшем бірлігі туралы заңдарды бұзғаны үшін заңда белгіленген тәртіптік, материалдық, әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тартылады.

16-бап. Мемлекеттік инспектордың жауаптылығы  
Мемлекеттік метрологиялық қадағалауды жүзеге асыратын инспектор өз міндетін тиісті дәрежеде атқармағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

#### V ТАРАУ. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

17-бап. Өлшем бірлігі саласындағы  
дауларды шешетін органдар  
Өлшем бірлігі саласындағы дауларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен соттар қарайды.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК